

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 1 из 34

Бекітілді
Басқарма шешімімен
«14» 01. 2026г №1

**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың
білім беру бағдарламалары туралы ереже**

Жарамдылық мерзімі «14» қантар 2026 ж. «14» қантар 2029ж.	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыстағы Ескірген
Алдыңғы ескірген құжат: « 02» 07. 2021 ж. № 12 Академиялық комитет отырысымен	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Дана №

Алматы – 2026ж

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 2 из 34

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Измайлова Слу Хабибиевна	Согласовано	13.01.2026, 17:07:47	Без замечаний	
Шопаева Гульжан Амангельдыевна	Согласовано	13.01.2026, 16:57:19	Без замечаний	
Джардемалиева Нуржамал Женысовна	Согласовано	13.01.2026, 17:31:39	Без замечаний	
Аипов Расулбек Рахманбердиевич	Согласовано	13.01.2026, 17:09:59	Без замечаний	
Жуматай Ж.Ж. (и.о Сакипова З.Б.)	Согласовано	13.01.2026, 14:49:00	Без замечаний	
Скакова У.Т. (и.о Есембаева С.С.)	Согласовано	13.01.2026, 10:09:11	Без замечаний	
Кожекенова Жанат Асетовна	Согласовано	13.03.2026, 17:51:00	Без замечаний	
Баймаханов Абылай Ниятович	Согласовано	13.01.2026, 17:03:32	Без замечаний	
Шамсутдинова Альфия Гумаровна	Согласовано	13.01.2026, 13:24:58	Без замечаний	
Тусупбекова Сандугаш Кайраткызы	Согласовано	13.01.2026, 15:11:35	Без замечаний	
Калматаева Жанна Амантаевна	Подписано	14.01.2026, 11:12:26	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407
Калматаева Жанна Амантаевна	Зарегистрировано	14.01.2026, 11:13:03	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже Редакция: 3 Страница 3 из 34

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар	6
4. Білім беру бағдарламаларын басқару	8
5. ББ құрылымының негізгі қағидаттары	8
6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жобалауға қойылатын талаптар. ББ әзірлеу кезінде негізгі талаптар:	10
7. Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу алгоритмі	11
Бағдарламаның негізгі параметрлері мен түлектердің оқу нәтижелерін анықтау («Түлектің портреті»):	12
8. Білім беру бағдарламасын жобалау	14
9. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу/жаңарту және жүзеге асыру бойынша бизнес-процесс	18
I кезең - Жоспарлау	19
II кезең – ББ-ны жобалау	20
III кезең – ББ-ны келісу және бекіту	20
IV кезең - Сыртқы сапаны бағалау	20
V этап – Іске асыру	21
10. Іске асырылып жатқан ББ-ларды талдау. Жаңарту. Жабу.	21
11. Екі дипломдық білім беру бағдарламаларын және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі	23
1 кезең. Инициация және шешім қабылдау	24
2 кезең. Бірлескен БББ-ны жобалау	25
3 кезең. Зандық рәсімдеу	25
4 кезең. Университет ішіндегі бекіту (Білім беру бағдарламасының сараптамасы)	25
5 кезең. Жұмысты іске қосуға дайындау	26
6 кезең. Іске асыру және мониторинг	26
12. ББ сапасын қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдері	28
1-форма: Білім беру бағдарламасына енгізілетін өзгерістер тізімі	31
2-форма: Жабылуға жататын ББ тізімі	32
12. Өзгерістерді тіркеу парағы	33
13. Танысу парағы	34

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже Редакция: 3 Страница 4 из 34

1. Жалпы ережелер

Осы Білім беру бағдарламалары туралы ереже (бұдан әрі – ББ ережесі) «Денсаулық сақтау», «Бизнес және басқару», «Өндірістік және өңдеу салалары» бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту, іске асыру тәртібі мен қағидаттарын, олардың негізгі түрлерін, сондай-ақ оларды басқару қағидаттарын айқындайды. Ереже білім беру бағдарламаларын әзірлеуде бірізді тәсілді қамтамасыз етуге, Болон үдерісінің қағидаттарын және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің сапасын қамтамасыз ету стандарттарын іске асыруға арналған.

Маман даярлау Университетте білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – ББ) арқылы жүзеге асырылады. ББ университеттің лицензиясы бар даярлау бағыттары бойынша, Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберлеріне және (бар болған жағдайда) кәсіби стандарттарға, сондай-ақ Дублин дескрипторларының негізінде әзірленеді.

Білім беру бағдарламаларында оқу процесінің құрылымы, көлемі және мазмұны көрсетіледі, оның игерілуі белгілі бір білім деңгейі мен мамандыққа ие болуға мүмкіндік береді.

ББ мемлекеттік жалпы білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖБС) сәйкес, оқушылардың мақсатты аудиториясының ерекшеліктерін, еңбек нарығы талаптары мен кәсіби стандарттарды ескере отырып әзірленеді, жаңартылады және жүзеге асырылады.

ББ 5 жылға бекітіледі, бекіту тәртібі осы Ереженің 8.3 тармағына сәйкес жүзеге асырылады, барлық өзгерістер мен жаңартулар СМК ДП ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Білім беру бағдарламасының формасы ҚазҰМУ-дың білім беру процесі бойынша формалар Реестрінде реттеледі.

ББ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының классификаторына сәйкес шифрленеді.

ББ ғылымның, техниканың, экономиканың, технологиялардың және әлеуметтік саланың дамуын ескере отырып, тұрақты түрде жаңартылып отырады.

ҚазҰМУ-да келесі білім беру бағдарламалары әзірленуі мүмкін: негізгі (Major) және қосымша (Minor); бірлескен білім беру бағдарламалары (Joint Programme), қос диплом бағдарламалары (Double/Multiple Degree Programme), бірлескен диплом бағдарламалары (Joint Degree Programme), жаңа және инновациялық ББ.

ББ электрондық форматта сақталады, олардың өзекті нұсқалары ҚазҰМУ сайтына жарияланады. ББ ішкі интернет ресурста (авторизацияланған қолжетімділік) сканерленген түрде орналастырылады, ББ түпнұсқалары ҰМО-да сақталады.

Академиялық жұмыс департаменті Университетте жүзеге асырылатын ББ тізімін қалыптастырады, ол Директорлар кеңесімен бекітіліп, ішкі интернет ресурста орналастырылады. Білім беру бағдарламаларының тізімі жыл сайын

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 5 из 34

нарық қажеттіліктері мен қолда бар материалдық және адами ресурстарға сүйене отырып қайта қаралады.

Кафедралар, мектептер/факультеттер университетте жаңа/инновациялық ББ әзірлеуді және жүзеге асырылып жатқан ББ-ға өзгерістер мен жаңартулар енгізуді бастауға құқылы.

2. Нормативтік сілтемелер

- 1) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Заңы. [«Об здоровье народа и системе здравоохранения»](#)
- 2) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. [«Об образовании»](#)
- 3) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы [«Об науке»](#)
- 4) Қазақстан Республикасының БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. [«Типовые правила деятельности организаций образования соответствующих типов»](#).
- 5) Қазақстан Республикасының ДСМ 2022 жылғы 4 шілдедегі № 63 бұйрығы. [«Об утверждении государственных общеобязательных стандартов по уровням образования в области здравоохранения»](#)
- 6) НВО-ның 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. [«Об утверждении Правил организации учебного процесса по кредитной технологии обучения»](#).
- 7) МНВО-ның 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы. [«Об утверждении правил организации и осуществления учебно-методической и научно-методической работы»](#) -
- 8) МНВО-ның 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы. [«Об утверждении Классификатора направлений подготовки кадров с высшим и послевузовским образованием»](#)
- 9) МНВО-ның 2018 жылғы 31 қазандағы №603 бұйрығы. [«Об утверждении типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и \(или\) послевузовского образования»](#)
- 10) МНВО-ның 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы. [«Об утверждении Правил организации учебного процесса по дистанционным образовательным технологиям»](#)
- 11) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.](#)
- 12) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 311/2020 бұйрығы [«Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу және тізілімге енгізу қағидалары»](#)
- 13) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 351 бұйрығы [«Білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру мемлекеттік қызметін көрсету ережелері»](#)

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 6 из 34

14) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № МЗ РК-43 бұйрығы. [“Об утверждении перечня медицинских специальностей программ резидентуры”](#)

15) Қазақстан Республикасының ДСМ 2018 жылғы 25 қыркүйектегі №19 бұйрығы. [«Об утверждении Правил целевой подготовки кадров с послевузовским образованием в области здравоохранения»](#)

16) Қазақстан Республикасының ДСМ 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 бұйрығы. [“Об утверждении перечня программ непрерывного интегрированного образования по клиническим специальностям”](#)

17) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығы. [“Жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берумен айналысатын ұйымдар жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу ережелерін бекіту, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу және тізімнен шығару негіздері туралы”](#)

18) [«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша»](#) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 мамырдағы №601 н/қ бұйрығы.

3. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Білім беру бағдарламасы (ББ) – білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені, оған оқу мақсаттары, оқу нәтижелері мен мазмұны, білім беру процесін ұйымдастыру, оны жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері, оқу нәтижелерін бағалау критерийлері кіреді.

Бірлескен білім беру бағдарламасы (Joint Programme) – екі немесе одан да көп университеттермен бірлесіп әзірленетін және жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы. Бірлескен білім беру бағдарламасы міндетті түрде екі оқу орнының да дипломын алуға әкелмейді; негізгі дәрежені (дипломды) алу және серіктес университеттен қосымша сертификат алу мүмкіндігі бар.

Қос диплом бағдарламасы (Double/Multiple Degree Programme) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын үйлестіру және синхрондау негізінде әзірленетін бірлескен білім беру бағдарламасы. Бағдарлама аясында тараптар мақсаттарды және бағдарлама мазмұнын анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдайды. Оқыту аяқталғаннан кейін және әрбір бағдарлама бойынша барлық талаптар орындалған жағдайда студентке академиялық дәрежені беру туралы бекітілген үлгідегі екі диплом және екі транскрипт беріледі немесе келісімшарт негізінде бір бірлескен диплом берілуі мүмкін.

Ішкі білім беру порталы – оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру туралы толық ақпарат беретін [интернет ресурсы](#), оқу процесінің әрбір қатысушысы өз сұрағына белгілі бір тақырып бойынша осы ақпаратты пайдалана отырып жауап ала алатындай етіп құрылған.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 7 из 34

Нормативтік құқықтық акт – бекітілген формадағы ресми жазбаша құжат, ол референдум арқылы немесе уәкілетті орган немесе мемлекеттік лауазымды тұлға тарапынан қабылданады, құқықтық нормаларды белгілейді, олардың күшін өзгертеді, тоқтатады немесе уақытша тоқтатады; сондай-ақ жазбаша ресми құжатқа сәйкес электрондық-цифрлық формадағы құжат болып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы расталады.

Ішкі нормативтік құжаттар – ұйымның жұмысын ұйымдастыру мақсатында әзірленген және бекітілген құжаттар.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі – білім беру бағдарламаларын әзірлеген ЖОО-ларды қамтитын ақпараттық жүйе.

ББ паспорты – бағдарламаға қысқаша сипаттама, оған оқу нәтижелері мен пәндер, олардың кәсіби салаға байланысын сипаттау (Ұлттық біліктілік шеңберін (бұдан әрі – ҰБШ), салалық біліктілік шеңберін (бұдан әрі – СБШ) және кәсіби стандарттар болған жағдайда ескере отырып), сондай-ақ оқу жүктемесі мен оқыту тілі туралы мәліметтер кіреді.

Қолданыстағы ББ – ЖОО әзірлеген және бойынша оқу жүзеге асырылатын білім беру бағдарламасы.

Жаңа ББ – ол ББ Тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрларды даярлау бойынша жүзеге асырылмаған бағдарлама.

Инновациялық ББ – Қазақстан Республикасында аналогы жоқ, алғаш рет іске қосылатын ЖОО білім беру бағдарламасы.

Оқу нәтижелері (бұдан әрі – ОН)– ББ меңгеру барысында студент игерген, көрсеткен және бағаланған білім, дағдылар мен қабілеттердің көлемі, сондай-ақ қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

Компетенциялар – оқу процесінде алынған білім, дағдылар мен қабілеттерді кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті.

ECTS – Кредиттерді аудару және жинақтау бойынша Еуропалық жүйе.

ЖБП – Жалпы білім беретін пәндер.

МК – Міндетті компонент.

ТК – Таңдау компоненті

ЖК – Жоғары оқу орындық компонент

ЖБП МК – Жалпы білім беретін пәндер міндетті компонент

ЖБП ЖК – Жалпы білім беретін пәндер жоғары оқу орындық компонент

НП – Негізгі пәндер

НП ЖК – Негізгі пәндер жоғары оқу орындық компонент

НП ТК – Негізгі пәндер таңдау компоненті

ПП – Профильдік пәндер

ПП ЖК – Профильдік пәндер жоғары оқу орындық компонент

ПП ТК – Профильдік пәндер таңдау компоненті

АА – Аралық аттесттеу

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	
			Редакция: 3 Страница 8 из 34

ҚА – Қорытынды аттесттеу (Qualification Examination)

ЭПК – Элективтік пәндер каталогы

ПОҚ – Профессорлық-оқытушылар құрамы

ББК – Білім беру бағдарламалары комитеті

СҚЕК – Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы

АСБ – Академиялық сапа бөлімі

ОӘБ - Оқу-әдістемелік бөлім

АК – Академиялық кеңес

ҒК - Ғылыми кеңес

АЖД - Академиялық жұмыс департаменті

МЖМС - Мемлекеттік жалпы міндетті стандарт

ТОЖ - Типтік оқу жоспары

НҚА – Нормативтік құқықтық актілер

ІНҚ – Ішкі нормативтік құжаттар

4. Білім беру бағдарламаларын басқару

ББ әзірлеу және жүзеге асыру шарттары үшін жауапты тұлғалар – университеттің мектептері/факультеттері болып табылады. Осы мақсатта мектептерде Білім беру бағдарламалары комитеттері мен Сапаны қамтамасыз ету комиссиялары сияқты коллегиалды органдар құрылады, олар бекітілген Ережелерге сәйкес қызмет атқарады. Университеттің білім беру бағдарламаларын басқару Академиялық жұмыс департаментіне жүктеледі.

ББ-ны әкімшілік басқару функцияларына мыналар жатады:

- 1) Мектептің/факультеттің стратегиялық дамуына сәйкес ББ дамуының стратегиясын әзірлеу;
- 2) Оқу процесінің барлық қатысушыларымен (ПОҚ, студенттер, жұмыс берушілер, кәсіби қауымдастықтар) өзара әрекеттесудің стратегиясын әзірлеу;
- 3) ББ ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін, оның ішінде факультеттің ақпараттық, кітапханалық және басқа да жалпы ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- 4) ББ материалдық-техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және басқару;
- 5) Кафедра қызметкерлерін іріктеуге қатысу.

5. ББ құрылымының негізгі қағидаттары

1) Білім беру бағдарламаларының ашықтығы және айқындылығы – ББ барлық мүдделі тараптардың мүдделерін көрсетуі, сыртқы субъектілердің күтілімдері мен қажеттіліктерін ескеруі қажет. Бұған білім беру қызметтерінің әлеуметтік тапсырыс берушісі ретінде мемлекет, жұмыс берушілер, студенттер, абитуриенттер (білім беру процесінің потенциалды қатысушылары), түлектер (қалыптасқан мамандар) және ата-аналар қоғамдастығы кіреді.

2) Еңбек нарығына бағытталу – білім беру бағдарламаларының мақсатты тағайындалуы мен мазмұнын анықтайтын негізгі қағида, бұл Университет пен

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 9 из 34

еңбек саласының өзара әрекеттесуі үшін маңызды құрал болып табылады. Ол ББ-ның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде – жобалаудан бастап бағдарламаны аяқтауға дейін – білім беру нәтижелеріне тұтынушылардың қанағаттану деңгейін өзекті ету және бағалау арқылы қамтамасыз етіледі.

3) Адаптивтік – білім беру бағдарламаларын үнемі өзгеріп отыратын сыртқы талаптарға сәйкестендіру мақсатында жаңарту.

4) Білім беру бағдарламасының икемділігі – студент пен оқытушының ББ-ның белгіленген талаптары мен шеңберін түзету және дамыту құқығын жүзеге асыру қажеттілігі. ББ-ны меңгеру барысында студент өз оқыту траекториясын өз бетінше немесе оқытушының (куратор, тьютор және т.б.) көмегімен белсенді түрде құру мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

5) Пәнаралықтық – кадрларды бірнеше білім саласының қиылысында даярлауды қамтамасыз ететін негізгі мазмұндық сипаттама. Мектептер, кафедралар және университеттің басқа бөлімшелері арасындағы желілік өзара әрекеттестік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезеңдерінде пәнаралықтықты қамтамасыз ететін тікелей механизм болып табылады.

6) Қатысу негізділігі (Партисипативтік) – бағдарламаны бірлесіп жобалау процесіне барлық қатысушылардың міндетті қатысуын талап етеді. Бұған тапсырыс берушілердің (негізінен жұмыс берушілердің) өкілдері, тікелей орындаушылар (тиісті кафедралар мен факультеттердің өкілдері) және студенттер кіреді.

7) Диагностикалық сипаттама – бағдарламаға қойылатын талап, оған сәйкес бағдарламада, бірінші кезекте, нақты сапа критерийлері болуы қажет және, екінші кезекте, барлық тапсырыс берушілер мен мүдделі тараптардың көзқарасынан осы критерийлерге сәйкес бағалануы тиіс. Сонымен қатар, бағдарламаның сапасы тек жеке элементтері бойынша немесе «аралық кезеңдерде» емес, тұтас өнім ретінде бағалануы қажет.

Барлық білім беру деңгейлерінің бағдарламаларын жобалау барысында университет білім беру бағдарламаларын құрудың негізгі қағидаттарына сүйенеді:

1) Компетенттік және нәтижеге бағытталған тәсіл
2) «Көлденең» немесе «тік» пәндерді интеграциялайтын білім беру бағдарламаларының модульдік құрылымы

3) Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын спиральдық (тік) құру қағидасы, клиникалық жағдайлар мен тапсырмаларға негізделген.

4) Студентке бағытталған тәсіл

5) Ғылыми бағытталған оқыту

6) Пәнаралық тәсіл

ББ жүргізудің негізгі қағидаттары:

1) Екі бағытты (дуалды) білім беру қағидаттарын іске асыру

2) Менторлық, тәлімгерлік және кеңесші қызметтерін іске асыру.

3) Мамандыққа ерте кіріспе.

4) Симуляциялық технологияларды қолдану.

5) Үштілді білім беру саясатын қолдану.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	
			Редакция: 3 Страница 10 из 34

6) Интернатура және резидентура бойынша сыртқы оқытуды іске асыру.

6. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жобалауға қойылатын талаптар. ББ әзірлеу кезінде негізгі талаптар:

1) Университетте әзірленетін білім беру бағдарламаларының профилі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттарының Классификаторы бойынша тиісті білім саласын, бағытты және даярлау деңгейін көрсетуі тиіс.

2) Бағдарламада оның меңгерілу нәтижесінде берілетін дәрежелер мен тағайындалатын біліктіліктер нақты көрсетілуі тиіс. Білім беру салалары мен деңгейлері бойынша берілетін дәреже атаулары МЖБС арқылы белгіленеді.

3) Бағдарламалар белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленуі тиіс, соның ішінде күтілетін оқу нәтижелері. ББ құрылымында білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейінгі күтілетін оқу нәтижелері көрсетілуі қажет. Оқу нәтижелері түлектің біліктілік деңгейлері мен негізгі компетенцияларын көрсетеді.

4) Оқу нәтижелеріне сүйене отырып оқу жоспарлары (жеке оқу жоспарлары, жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің оқу жоспарлары) және пәндердің силлабустары әзірленуі тиіс.

5) ББ құрылымы, іс-әрекет түрлері, пәндер циклі көлемі (ЖБП, НБ, ПБ) және құрамдас бөліктері (жоғары оқу орындық компонент (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) МЖБС бойынша ББ үлгілерімен анықталады. Білім мазмұнының құрылымы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, оқу жүктемесінің көлеміне, академиялық кезеңдердің ұзақтығына, академиялық сабақ түрлеріне және оқу материалының көлеміне қойылған талаптарға сәйкес анықталуы тиіс.

6) Негізгі және пәндік циклдердің пәндері мен модуль бағдарламалары пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие болуы керек, бұл бірнеше білім саласының қиылысында кадрларды даярлауды қамтамасыз етеді.

7) Жоғары білім бағдарламасы, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі бағдарлама негізінде қабылданған студенттер үшін, білім беру бағдарламасының профилі сәйкес келген жағдайда, ББ қысқартылған оқу мерзімімен жүзеге асырылады. Академиялық кредиттер саны мен қажетті білім беру бағдарламасының көлемі бұрын алынған формалды және формалды емес білім нәтижелерін мойындауды ескере отырып белгіленеді.

8) [ББ білім беру процесі формаларының Реестрінде](#) көрсетілген бекітілген формаға сәйкес рәсімделеді.

ББ жүзеге асыру шарттарына қойылатын талаптар:

1) Білім беру бағдарламаларын әзірлеу күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған; бағдарламаның мазмұны нақты оқу пәндерін және белгіленген нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін құрылымдық оқу процедуралары мен жағдайларын қамтуы қажет.

2) Университетте жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары Білім беру бағдарламаларының Реестрінде көрсетілуі тиіс. ББ-ны Реестрге енгізу ОӘБ арқылы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 11 из 34

жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізу тәртібі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығында бекітілген: [«Жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдар жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының Реестрін жүргізу ережелерін бекіту, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын Реестрге енгізу және одан шығару негіздері»](#).

3) [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша МНВО нұсқаулығы](#)

7. Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу алгоритмі

Жаңа ББ әзірлеу үшін әзірлеушілер тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрылады. Жұмыс тобы мектеп/факультет бастамасымен қалыптастырылады. Жұмыс тобының құрамын мектеп/факультет деканының бұйрығы бекітеді. ББ мазмұнының теориялық тұжырымдамасының бірінші деңгейі – ББ концепциясы болып табылады. ББ концепциясын әзірлеуге тиісті мектептер/факультеттер жауапты.

Жаңа ББ концепциясын қалыптастыру:

Кіріспе- ББ бағдарламасының мақсаттылығы/маңыздылығын қысқаша негіздеу, білім беру деңгейі мен даярлау бағытын көрсету.

- 1) ББ мақсаттары мен міндеттерінің университеттің негізгі миссиясымен байланысын анықтау.
- 2) Берілген білім беру бағдарламасы бұрыннан бар даярлау бағыттарының шеңберіне сәйкес келетінін немесе жаңа бағыт ашуды және лицензияға қосымша алу қажеттілігін анықтау.
- 3) Білім беру бағдарламасын әзірлеудің негізі болып табылатын нормативтік-құқықтық актілер тізімін анықтау.
- 4) Білім беру деңгейін ҰБШ, СБШ және түлектің академиялық дәрежесі бойынша анықтау (маман, бакалавр, магистр, PhD).
- 5) Алдыңғы білім деңгейі мен абитуриенттерді қабылдау шарттарын анықтау.
- 6) Ерекше сипаттамаларды анықтау: жаңа, инновациялық, бірлескен, қос дипломдық ББ.
- 7) Оқу мерзімін, ББ көлемін ECTS кредиттері мен сағаттар бойынша, оқу тілдерін анықтау.
- 8) Мақсатты аудиторияны анықтау.
- 9) Халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейдегі серіктестерді анықтау (стратегиялық шетелдік серіктестер, мемлекеттік білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау ұйымдары, коммерциялық емес бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар және т.б.).

Талап етілуі – білім беру бағдарламасын әзірлеудің алдын ала шарты болып табылады және еңбек нарығын талдау мен бағалауды, пәндік саланың даму болжамын, технологиялардың дамуын, сұраныстарды, сондай-ақ практикалық денсаулық сақтау жүйесінің өзекті және перспективалық қажеттіліктерін ескеруді қамтиды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	
			Редакция: 3 Страница 12 из 34

1) Бағдарламаға әлеуметтік қажеттілікті анықтау, мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізу (мамандар мен кәсіби қызметкерлер, жергілікті органдар, жұмыс берушілер, абитуриенттер, студенттер, оқытушылар).

2) Бағдарламаның академиялық тұрғыдан жеткілікті қызық екенін анықтау (университет түріне, оның профиліне және миссиясына байланысты – оқытушылық қызметке басымдық беру немесе негізінен зерттеушілік бағыт, тиісті абитуриенттер топтарына бағдарлау).

Халықаралық тәжірибе – әлемдік және отандық кадрларды даярлау үздік тәжірибесі.

1) Бенчмаркинг жүргізу: жетекші университеттердің тәжірибесін зерттеу және салыстыру.

2) Әзірленіп жатқан білім беру бағдарламасының тиісті даярлау бағытындағы басқа ББ-лармен байланысын анықтау.

Ресурстарды талдау – білім беру бағдарламасын әзірлеудің қажетті шарты болып табылады. Білім беру бағдарламасының миссиясына және мақсаттарына қол жеткізу, оқу процесін қамтамасыз ету және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті материалдық-техникалық база, кадрлық, ақпараттық және қаржылық ресурстар, практикалық және клиникалық даярлыққа, ғылыми мақсаттарға арналған білім беру және ақпараттық технологиялар мен ресурстар қажет.

Егер университетте бар жағдайларды бағалау нәтижесінде жаңа бағдарламаны жүзеге асыруға жеткіліксіз болса, бағдарламаны жүзеге асыру үшін басқа университеттердің, кәсіби және/немесе ғылыми ұйымдардың ресурстарын тарту мүмкіндігін зерттеу ұсынылады:

1) Жаңа бағдарламаны жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан университеттегі кадрлық, материалдық-техникалық және қаржылық жағдайларды бағалау.

2) Қажетті ресурстар тізімін оқу нәтижелерін бағалауға және тартылатын ресурстарды ескере отырып анықтау. ББ-ны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстар тізіміне және оның тиімділігіне сүйене отырып, университеттің оқу нәтижелеріне жету мүмкіндіктері анықталады.

3) Профессорлық-оқытушылар құрамының қажетті санын және сапасын анықтау. Қызметкерлердің біліктілік деңгейі, бағдарлама әзірлеу жоспарланған тілдерді білуі ескеріледі. Оқытушылардың біліктілігі сәйкес академиялық дәрежесімен, ғылыми атағымен, ғылыми-зерттеу және шығармашылық тәжірибесімен, инновациялық технологияларды меңгеруімен, интерактивті оқыту әдістерін қолдануымен расталады.

4) Кәсіби ұйымдардағы арнайы базалардың және сәйкес ресурстардың бар-жоғын бағалау, сондай-ақ жұмыс орнында оқыту кезінде (кәсіби практика) олардың мамандарын оқу процесін басқарушылар ретінде тарту мүмкіндігін қарастыру.

5) Білім беру бағдарламасын ғылыми ұйымдар (ҒЗИ) серіктестерінің ресурстарын тарта отырып жүзеге асыру мүмкіндігін зерттеу.

Бағдарламаның негізгі параметрлері мен түлектердің оқу нәтижелерін

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 13 из 34

анықтау («Түлектің портреті»):

- 1) Білім беру бағдарламасының мақсаты мен миссиясын анықтау.
- 2) Кәсіби стандарттарды талдау (бар болса).
- 3) Бағдарлама түлектерінің негізгі кәсіби қызмет түріне және бағдарлама бағытына қатысты жалпы еңбек функциялары мен еңбек міндеттерін анықтау (кәсіби стандарттардан таңдау).
- 4) Бағдарлама түлектерінің потенциалды кәсіби қызмет салаларын анықтау.
- 5) Бағдарлама түлектерінің кәсіби қызмет салаларын, нысандарын және негізгі түрлерін анықтау (бар болса, кәсіби стандарттарды ескере отырып).
- 6) Еңбек функцияларын таңдауда ЕРК, ҰБШ және СБШ кәсіби біліктілік деңгейіне сүйену (6 деңгей – бакалавриат деңгейіне, 7 деңгей – магистратура немесе резидентура деңгейіне, 8 деңгей – докторантура PhD деңгейіне сәйкес).
- 7) МЖБС-дан тиісті компетенциялар жиынтығын пайдаланып, оны кәсіби стандартқа сәйкес еңбек функциялары мен міндеттерін ескере отырып, бағдарламаның профилін қамтамасыз ететін қосымша компетенциялармен толықтыру.

Түлектің компетенттік моделін әзірлеу кезінде халықаралық ұсыныстарды ескеру қажет.

Медициналық білім беруде тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін 2013 жылы Ronald M. Harden және Jennifer M. Laidlaw ұсынған ****FAIR** тиімді оқыту қағидаларын** қолдану ұсынылады:

- 1) Feedback – Студентпен кері байланысты қамтамасыз ету
- 2) Activity – Студентті белсенді оқыту әдістері арқылы тарту
- 3) Individualisation – Студенттің әртүрлі деңгейлері мен жеке қажеттіліктеріне бағытталған оқыту
- 4) Relevance – Оқытуды өзекті ету

Жұмыс тобы концепция жобасын сыртқы сараптамадан өткізу үшін жұмыс берушілер мен түлектерді тартуы мүмкін.

- 1) Стандарт жобасына жүргізілген сыртқы сараптаманың нәтижелері келісім хаттамалары және/немесе сараптамалық қорытындылар түрінде рәсімделеді.
- 2) Түлектерге қажет компетенциялар жиынтығын анықтауда әлеуетті жұмыс берушілер мен кәсіби қауымдастықтар өкілдерінің максималды қатысуын қамтамасыз ету.

Тұжырымдама жобасын талқылау және сыртқы сараптама жүргізу (болған жағдайда) аяқталғаннан кейін жұмыс тобы СҚЕК-ке тұжырымдама жобасын, сыртқы сарапшылардың сараптамалық қорытындыларын (болған жағдайда) және келісу хаттамаларын электрондық түрде ұсынады.

СҚЕК Тұжырымдама жобасының мазмұнының Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде Мектептің даму стратегиясына сәйкестігін, сондай-ақ жобаның құрылымының және оның мазмұнының МЖМС-тың міндетті талаптарына сәйкестігін тексереді. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда СҚЕК

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3 Страница 14 из 34

тұжырымдама жобасын жетілдіруге қатысты мазмұндық түсіндірмелер мен ұсыныстар береді.

Жұмыс тобы университеттің құрылымдық бөлімшелерімен (ОӘБ) келісуді және Концепция жобасын Мектеп кеңесінде талқылауды ұйымдастырады.

СҚЕК тарапынан Концепция жобасы мақұлданғаннан кейін құжаттар пакеті Академиялық кеңестің қарауына ұсынылады.

ББ тұжырымдамасы ішкі интернет ресурсына орналастырылады.

8. Білім беру бағдарламасын жобалау

Бағдарлама белгіленген мақсатқа сәйкес әзірленуі тиіс, соның ішінде күтілетін оқу нәтижелері. ББ мақсаты нақты бағдарламаға қатысты анық көрсетілуі, бағдарламаның ерекшелігі мен айрықша сипаттарын көрсетуі, қолжетімді және өлшенетін болуы керек. Мақсаттар мен оқу деңгейінің конструктивті үйлесімділігі сақталуы тиіс.

Оқу нәтижелерін анықтау кезеңінде бөлінген әрбір кәсіби қызмет түрі өзінің ерекше кәсіби компетенциялар жиынтығына айналады.

Оқыту нәтижелерін қалыптастыру білім беру бағдарламасының жалпы деңгейінде де, жеке модуль немесе оқу пәні деңгейінде де жүзеге асырылады. Бағдарлама бойынша жоспарланған оқыту нәтижелерінің оқу деңгейімен конструктивті сәйкестілігі принциптерін міндетті түрде сақтау қажет.

Оқу нәтижелерін сипаттағанда білім, дағдылар, қатынастар/кәсіби құндылықтар және қабілеттер арасындағы теңгерімді сақтау қажет:

1) Оқу нәтижелерін қалыптастыру білім беру бағдарламасының бүкіл деңгейінде және жеке модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде жүзеге асырылады. Бағдарлама бойынша жоспарланған оқу нәтижелері мен оқу деңгейінің конструктивті үйлесімділігін сақтау міндетті. Оқу нәтижелерін қалыптастыру кезінде қолданылатын етістіктердің шамамен тізімі Қазақстан Республикасы МНВО-ның 2023 жылғы 4 мамырдағы № 601 н/қ бұйрығымен бекітілген [«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу нұсқаулығында»](#) реттеледі.

2) «Білу», «түсіну», «оқыту», «таныс болу», «ақпараттандырылған болу», «хабардар болу» сияқты анық емес терминдерді қолданбау. Бұл терминдер оқу нәтижелеріне емес, оқу міндеттеріне қатысты.

3) Модульдің оқу нәтижелері бағдарламадағы оқу нәтижелерімен үйлесімді болуын қамтамасыз ету.

4) Модуль/пән бойынша жоспарланған оқу нәтижелерін оқыту әдістерімен, бағалау тәсілдерімен және пән мазмұнымен конструктивті үйлесімділікті сақтау.

5) Оқу нәтижелері көрнекі және өлшенетін болуы тиіс.

6) Алынған оқу нәтижелерін бағалауға болатындай ету.

7) Оқу нәтижелерін қалыптастыру кезінде бұл нәтижелерге қол жеткізуге арналған уақыт аралығын ескеру қажет.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	
			Редакция: 3 Страница 15 из 34

8) Оқу нәтижелерін жазған кезде оларды қалай бағалайтынын елестету қажет, яғни студенттің осы нәтижелерге жеткенін қалай анықтауға болатынын ойлау керек.

9) Егер оқу нәтижелері өте жалпы болса, олардың тиімді бағалануы қиындық тудырады. Керісінше, оқу нәтижелері тым тар болса, олардың тізімі артықша ұзын және егжей-тегжейлі болып кетуі мүмкін.

10) Бірінші курс студенттерінен жоғары студенттерге арналған оқу нәтижелерін құрастырғанда, Блум таксономиясының төменгі деңгейінен алынған оқу нәтижелерімен тізімді артық жүктемеу қажет (мысалы, танымдық саласындағы білу және түсіну).

11) Жоспарланған оқу нәтижелерінің күрделілігі өсуін сақтау.

ББ құрылымында білім беру бағдарламасын толық меңгергеннен кейін түлектердің компетенцияларын дамытуға қажетті соңғы оқу нәтижелері көрсетілуі тиіс:

1) Бағдарлама түлектерінің әрбір компетенциясының құрылымын соңғы оқу нәтижелері (COP) арқылы сипаттау.

2) Әрбір оқу нәтижесіне студенттердің осы нәтижеге жету деңгейін көрсететін дескрипторларды қалыптастыру.

3) ББ модульдік оқыту принципі бойынша құрылымданады.

4) Бағдарламаның жұмыс нұсқасын жобалау, әртүрлі оқу элементтерін модульдер/пәндерге тиімді біріктіріп, соңғы оқу нәтижелеріне жетуді қамтамасыз ету.

5) Модуль – оқу нәтижелері тұрғысынан автономды, толыққанды білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі, онда студенттерге нақты қалыптасатын білім, дағды, қабілеттер, компетенциялар және сәйкес бағалау критерийлері анық көрсетіледі.

Бағдарламаның негізгі компоненттерінің көлемін (еңбек шығынын) ECTS кредиттерімен анықтағанда келесі нұсқауларға сүйену қажет:

1) Бағдарламадағы белгілі бір компоненттің оқу нәтижелерінің бір немесе бірнеше компетенцияға қол жеткізудегі маңыздылығы.

2) Студенттің осы бағдарлама компонентін меңгеруге қажетті еңбек шығынын бағалау.

3) Бағдарламаның жалпы көлемін көрсететін кредиттер санын бөлу – бағдарламаның толықтығының көрсеткіші ретінде, жылына 60 ECTS есептеледі (мысалы, 5 жылдық бакалавриат бағдарламасы – 300 ECTS, 2 жылдық ғылыми-педагогикалық магистратура – 120 ECTS, 3 жылдық докторантура – 180 ECTS және т.б.), ал резидентура бағдарламалары үшін жылына 70 кредит.

4) ББ құрылымын (қызмет түрлері мен пәндер циклдары бойынша) қолданыстағы МЖМС-те реттелген ББ моделіне сәйкес анықтау.

5) Жоғары оқу орындық компонент пен таңдау компонентінің арасындағы қатынасты анықтау.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 16 из 34

6) Қорытынды аттестацияға арналған нақты ECTS көлемін бөлу (қолданыстағы МЖМС бойынша анықталған ECTS көлеміне сәйкес).

7) ББ компоненттері арасындағы теңгерімді сақтау (теория, симуляциялық оқыту, тікелей медициналық қызмет, белсенді жеке оқыту).

Студенттердің оқу әдістерін, дербес жұмысын ұйымдастыру және білім беру технологияларын анықтау.

1) Студенттердің білім беру бағдарламасында көрсетілген соңғы оқу нәтижелеріне жету үшін қандай әдістер мен білім беру технологияларын қолдану қажет екенін анықтау.

2) Соңғы оқу нәтижелерінің ББ-дағы жоспарланған пәндерге сәйкестігін көрсететін матрицаны жасау.

Соңғы оқу нәтижелері	Бағдарламаның қандай модульдері/пәндері соңғы оқу нәтижелеріне (COP) қол жеткізуге ықпал ететіні.
COP 1	
COP 2	
COP 3	
COP 4 және т.б.	

3) COP-дың ББ-дегі оқу және оқыту әдістеріне сәйкестігін көрсететін матрицаны құру.

Соңғы оқу нәтижелері	COP-ға (Соңғы оқу нәтижелеріне) қол жеткізуге қандай оқу және оқыту әдістері ықпал ететінін анықтау.
COP 1	
COP 2	
COP 3	
COP 4	

Білім алушыларды бақылау және бағалау түрлері мен нысандарын анықтау

1) Ағымдық үлгерім бақылауы, рубеждік бақылау, аралық және қорытынды аттестацияның нысандары мен рәсімдерін анықтап, тиісті бағалау құралдарын әзірлеу.

2) Түлектердің қандай оқу нәтижелері қорытынды аттестацияға (ҚА) шығарылатынын анықтау.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті		Білім беру бағдарламалары туралы ереже
			Редакция: 3 Страница 17 из 34

3) Қорытынды аттестацияның (ҚА) өткізілу нысандарын анықтап, ҚА өткізуге арналған бақылау-өлшеу құралдарын әзірлеу.

4) Білім беру бағдарламасында (ББ) жоспарланған барлық оқу нәтижелерінің бағалау стратегиялары мен әдістеріне сәйкестігін көрсететін матрицаны жасау.

Бағалау әдістері	COP 1	COP 2	COP 3	COP 4	COP 5	COP 6	COP 7	COP 8	COP ...	COP n

Медициналық жоғары оқу орнының түлегі теориялық біліммен қатар, білім беру бағдарламаларында белгіленген және МЖМС пен ТОЖ талаптарына сәйкес практикалық дағдыларды меңгеруі тиіс.

Оқу мерзімі ішінде білім алушы «қатты» кәсіби құзыреттерді («hard skills») меңгеруі тиіс, сондай-ақ негізгі және жалпы білімдік құзыреттерді игеру арқылы «жұмсақ» (техникалық емес) дағдыларды («soft skills») қалыптастырады.

Пәндердің мазмұнын, оқу, оқыту және бағалау әдістерін әзірлеу

- 1) Пәннің қысқаша мазмұнын және жоспарланған оқу нәтижелерін әзірлеу.
- 2) Пәннің мазмұны мен соңғы оқу нәтижелерінің сәйкестігін көрсететін матрицаны жасау.

